ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ӘОЖ / УДК/ UDK 342.4:321.3(=1.574)

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ

**Мейрманова Г.А.[1], Дауытбекова М.Қ.[1]**

[1]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

**Аңдатпа**. Бұл мақалада авторлар қазақ дәстүрлі қоғамында атқарылатын міндеттері мен қызметтеріне қарай белгілі этикет дәстүрлері қоладанылуы мәселесін зерттеген. Батыр тұлғаның сөйлеу мәнерінде, өзін- өзі ұстауында тіпті киім үлгісі мен атрибуттарында да айқын көрінетінін мысалдармен келтірген. Жоғары әлеуметтік беделге ие тұлғалар шағатай, араб тілін кей жағдайларда парсы және орыс тілдерін меңгерген жағдайда Қазақ хандығы мен көрші мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастарға қатысты. Жалпы екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарды хандар, қожалар, елшілер және әскери қолбасшылар жүргізген. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қазақ батырларының өзіндік ұстанымдары, дәстүрлері, қасиеттері мен тұрмысы, салт-санасы, ар-намыс кодекстері, принциптері, портреті мен бейнелік тұлғалары, өзіндік мұраты, қоғамдық қызметі, этикалық ерекшеліктері, ырым-жоралғылары санадағы құндылықтар жиынтығы мен тоғысқан.
**Түйін сөздер:** хан, батыр, тарихи аңыз, ру, эпос, әулие

## ЭТИКЕТ ГЕРОЕВ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

**Мейрманова Г.А.[1], Дауытбекова М.Қ.[1]**

[1]КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

**Аннотация**. Авторы в своей статье рассматривают этикет батыров как традиционный атрибут в обществе. В казахском этикете есть некоторые традиционные моменты, связанные с родом деятельности. В зависимости от специфики труда человека устанавливаются наборы определенных речевых оборотов, манера поведения, а в некоторых случаях – своеобразие костюма и особенность атрибутики. Личности высокого социального статуса, владевшие арабским, чагатайским (реже – персидским и русским) языками, часто выполняли дипломатические функции между Казахским ханством и другими странами. Авторы в данной статье авторы делают акцент на устное народное творчество казахов.
**Ключевые слова:** батыр, этикет, нормы поведения.

## HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

**Meirmanova G.A.[1], Daytbekova M.K.[1]**

[1]Al-Farabi Kazakh State University

**Abstract**. The article considers the etiquette of batyrs as a traditional attribute in society. In Kazakh etiquette there are some traditional moments associated with the kind of activity. Depending on the specifics of a person's work, established of certain speech, the manner of behavior, and in some cases - the originality of the costume and the peculiarity of the attributes. Individuals of high social status, who spoke Arabic, Chagatai (more rarely - Persian and Russian) languages, often performed diplomatic

functions between the Kazakh Khanate and other countries.The authors focus on oral folk creativity of Kazakhs.
**Keywords:** batyr, etiquette, norms of behavior.

**Кіріспе**

Бүгінгі таңда территориясының көлемі жағынан тоғызыншы орынды иемденіп отырған Қазақстан мемлекеті тарихында батырлардың алатын орны ерекше. Әрбір тарихи кезең өзіне тән тарихи тұлғаларды өмірге әкеледі. Есімдері ұрпақтан ұрпаққа ұран болған ұлы тұлғалар ел тарихында жанын пида еткені белгілі. Еуразия көшпелі халықтары-башқұрттар, өзбектер, қарақалпақтар мен қырғыздар сынды түркі халықтарының барлығында кездесетін батырлар есімі қазақ халқында ерекше құрметке ие тұлғалар. Олардың аты ұранға айналып, дәстүрлі қазақ қоғамында маңызды әлеуметтік, әскери-саяси институтқа айналды. Ұлттың рухани қазынасы бола білген осынау институт өкілдерінің өздеріне ғана тән әдебі болды. Мақала авторлары қазақ батырларына ғана тән әдептік қағидаттарды ғылыми тұрғыдан тұжырымдауды мақсат етіп қойды.

**Материалдар мен әдістер**

Алматы қаласында орналасқан орталық кітіпхана жұмыс нәтижесінде жинақталған архивтік материалдар, естеліктер, құжаттар жинағы мен басқа да деректерді жарияланған материалдармен салыстыра талдау негізінде мақала жазылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде салыстырмалы тарихи және сауалнама әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістер арасында анализ, синтез, логикалық әдістер қатыстырылды. Арнайы-тарихи әдістер санатында тарихи- ретроспективті, тарихитипологиялық, тарихи-жүйелі әдістерді айтып өтуге болады.

**Талқылау**

Қазақ әдебін зерттеу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі. Елші ханның сенімді өкілі ретінде қазақ хандығымен қарым-қатынас орнатылған мемлекеттердің мемлекет басшыларына немесе сол елдің сенімді өкілдерінің өзін өзі ұстауы және іс қимылдары өте маңызды болған [1].

Әр елдің елшілерді қабылдау дәстүрі болғанымен Орта Азия елдеріндегі бұл дәстүр ортақ еді. Ол бойынша хан сарайына бір күндік жол қалған тұста тоқтап, өздерінің келгендіктерін ханға жеткізу үшін бірнеше адамын жіберген. Хан бұл хабарды естіген бойда келген елшілік топқа өз адамдарын жіберген. Кейбір ерекше жағдайларда хан елшілік топты өзі қарсы алуға барған. Бұл әрине өте сирек кездесетін жағдай еді.

Қазақ хандығының геосаяси жағдайы өте күрделі жағдайда орналасуы халықтың ғасырлар бойы жаугершілікті бастан кешуіне мәжбүр етті. Бұл әрине оның территориясының ауқымы мен табиғи байлықтарға өте бай болуынан болды. Көрші мемлекеттер үнемі осы кең байтақ даламызға көз тігумен болғаны тарихтан мәлім. XIX ғасыр авторларының бірінің еңбегінде «көршілермен болған соғыстардың жиілігі көшпелі халықты жауынгерлік рухта болуға мәжбүрледі» деп атап өтеді [2]. Осындай жауынгерлік рухты бойына бала күнінен сіңіріп, Отаны үшін от кешкендердің алдыңғы қатарында дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты өкілдері болды. XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері батырлар институтының ықпалының артуы мен олардың жеке әлеуметтік топ ретінде толыққанды қызмет атқаруын айқындап берді. XVII ғасырдың аяғы - XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының сыртқы жауы тек жоңғарлар ғана емес еді. Батыстан Еділ қалмақтары, оңтүстікте Хиуа мен Бұхара хандығы, теріскейде башқұрттар қиқу салып, сырттан орыс патшасы азу салуға даяр тұрды [3].

**Нәтижесі**

Осылайша XVII-XVIII ғасырлардағы ішкі және сыртқы факторлар қазақ қоғамындағы батырлардың саяси, әлеуметтік сататусқа ие болуына қолайлы жағдай туғызғаны туралы тұжырым жасаймыз. Сондықтан ел басына күн түскен сәтте саяси басымдылық батырлар қолына өтті. Бұл туралы зерттеуші Н.Г. Аполлова: «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы батырлар тек қана әскери жорықтарда маңызды рөл атқарған жоқ. Олар әртүрлі дипломатиялық тапсырмаларды орындайтын елшілер ретінде де белсенділік танытады. Ақсақалдар кеңесіне де құлшына араласады. Өздерінің әдептілігі деңгейінің қаншалықты жоғары екенін көрсете білді. 30- жылдардағы феодалдық күрес кезінде берік топты құраған Бөкенбайдың басқаруындағы батырлар қазақтардың Ресейдің қарамағына өтуіне шешуші күш болған», - деп жазды [4]. Үмбетей жыраудың: Сыртқы жаудан қорғану, елдің ішкі бірлігін сақтау сияқты күрделі мәселелерде батырлардың рөлі жоғары болды. Батыр атағын ақсүйек және қарасүйек өкілдері де қоғамдық дәрежесіне қарамастан бірдей иелене алатын, әрі батырлар XVII-XVIII ғасырлардағы сыртқы фактордың күштілігінен қоғамдық қатынастарда басымдылыққа ие болды.

Зерттеу тақырыбымыздың уақыт шеңбері қазақ тарихындағы түрлі өзгерістер әкелген бетбұрысты кезеңге сәйкес келеді. Оның басты себебі географиялық, шаруашылық-экономикалық және саяси-әлеуметтік жағынан үш субэтностық аймаққа бөлінген қазақ хандығының ішкі байланыстарының әлсіздігін, ру-тайпалар арасындағы қарым-қатынастардың тұрақсыздығынан және билеуші топтардың саяси бақталастығынан туындады. «Ортақ өгізден, оңаша бұзауды» артық көрген билеушілер арасындағы алауыздық қазақ халқының болашағын тығырыққа тіреді. Жоңғар шапқыншылығына дер кезінде тойтарыс берілмеуінен

«Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама», «Сауран айналған» тәрізді зұлматтар орын алды [5]. Мұның барлығы хандық институтты дағдарысқа әкеліп, есесіне ру-тайпа игі-жақсыларын, яғни батырлар мен билердің үстем түсуіне жағдай жасады. Басқаша айтқанда: «XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлардың беделі мен әлеуметтік маңызы мейлінше өсті, мұның өзі сыртқы қауіпке және қазақтардың әлеуметтік ұйымдасуында әскери құрылымдар рөлінің арта түсуіне байланысты болатын. Жоңғарлар басқыншылығына пәрменді тойтарыс беруді ұйымдастыру қажеттілігі әуелі әскери сахнада ал сонан соң саяси сахнада да халықтың жол бастаушылары мен қолбасшылары – батырлардың аса көрнекті шоғырының пайда болуына жеткізді». Үмбетей жыраудың: «Батыры ханға сай болды, Елің жайпақ болды», - деп жырлайтыны осы кезең [6].

Тарихи даму үдерісінің біркелкі болмауына орай қоғамдық институттар бірін-бірі жиі алмастырып, соған байланысты әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың бірі алға шығып, екіншісі кенжелеп отырды. Зерттеу жұмысының тақырыбының уақыт шеңберін қамтитын аумалы-төкпелі кезеңде батырлар институтының алдыңғы қатарға шығуы заңды құбылыс болатын. Әскери өнерді кәсіп етіп, ел қорғау арқылы даңқ пен абыройға бөленген батырлар ендігі жерде жәй ғана қару асынған сарбаз емес, халыққа сөзін өткізіп, билік айтатын саяси тұлғаға айналды. Олардың атап өтерліктей маңызды ішкі саяси қызметтері қатарына азаматтық басқару істеріне тартыла бастауларын жатқызамыз. Тіпті кейбір жағдайда хан мен сұлтандардың өзі батырлармен санасып отыруға мәжбүр болған. Өйткені ханның немесе сұлтанның қоғамдағы орны оған қолдау білдірген батырлардың беделі мен санына қарай анықталды. Оның үстіне батырдың шыққан руы үлкен болып, өзі ауқатты болса, осыған қатысты біздің ой-тұжырымдарымыздың барысын түсіну қиын емес. Халқымыздың «батыр болып, бай болса, ханнан несі кем» деп сөз саптауы осыған қатысты айтылса керек [7, 56-б.]. Бұл айтылған тұжырымдарымызды тарихи деректермен негіздесек. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ ел басшыларынан ант қабылдаған Татищев Әбілқайыр ханды көп ешкім тыңдамайтындығын айта келіп, Орта Жүзден Жәнібек батыр мен Шүрек батыр және Кіші Жүзден Бөкенбай батыр жоғары беделге ие екендіктерін

жазады. Қазақ батырларының ішкі саяси жүйесіндегі ықпалын төмендегі тарихи оқиғалардың желісі негізінде одан ары дамытсақ. Алғашқы оқиға есімі ұранға айналған Алдияр батырмен байланысты. М. Тынышбаев еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, Алдияр батыр Тәуке ханның замандасы және ханның оң жағын ала отыратын батырдың бірі болғанға ұқсайды. Міне осы Алдияр батыр мемлекеттік істерді ақылдасатын шаруалар туындағанда Тәуке ханның жанынан табылып, өзінің пайымдауларын білдіріп отырса керек. Тіпті кей жағдайда хан мен батыр арасында бір мәселеге байланысты келіспеушіліктер де туындаған. Мәселен, ел арасындағы аңыз бойынша Алдияр батырға келіссөз жүргізу үшін жоңғар қонтайшысы келеді. Бұдан хабардар болған Тәуке хан қонтайшыны өлтіру үшін сарбаздарын жібереді. Ауылына келген елшіні қорғау мақсатында батыр өзінің ханына қарсы шығып, хан мен батыр сарбаздары бір күн бойы шайқасады. Шайқаста Алдияр батырдың кенже інісі Майлан қаза табады. Осы оқиғаға байланысты Алдияр батыр ұрпақтарында төмендегідей өлең жолдары сақталған: «Ұзын ағаш, тойкеде келді қалмақ, Хан Тәуке басып барып, басын алмақ, Келмегірдің қалмағы қайдан келді, Екі қазақ соғысты, Майлан өлді».

Тарихи аңыз негізінде әңгімеленіп отырған оқиғаның барысы былайша аяқталады. «Тәуке хан нөкерлерінің шабуылын тойтарған Алдияр батыр ертеңіне қонтайшыны еліне аман-есен қайтарады. Қонтайшы Ордасына барған соң тұтқындағы қазақтардың ішіндегі садырларды ғана емес, барлық наймандарды, оған қоса Алдияр батырдың есімін естігендерді де тұтқыннан босатады [8]. Осы тарихи аңызға қатысты қорытынды жасайтын болсақ. Мұндағы қонтайшы деп отырғанымыз жоңғар нояндарының бірі болуы мүмкін. Ал батырдың інісінің өмірін қия отырып ханға қарсы тұруынан біз батырдың елшілерге зиян тигізбейтін дала заңын берік ұстанғандығын анық байқаймыз. Ең бастысы бұл аңызда батырлар институтының ішкі саяси істерге белсене араласып, мемлекеттік маңызы бар шаруаларға азаматтық позициясын танытуы. Оның үстіне елшінің халықаралық мәселені ханмен емес, батырмен талқылауының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Желісі осыған ұқсас келесі оқиға жоғарыда Татищевтің тізімінде кездесетін табын Бөкенбай батырдың есімімен байланысты. Кіші Жүз ханы Әбілқайырдың ешбір кеңессіз Ресей қарамағына өту өтінішін жасағандығы тарихи деректерден белгілі. Сол өтінішке сай қазақтардан ант қабылдау мақсатында Қазақстанның батыс өңіріне М. Тевкелев келеді. Ханның халықпен кеңесіп іс қылмағанына наразы болған батырлар мен билер елшіні, оған қоса ханды да өлтірмек болады. Мәселен, жағалбайлы руының батыры Серке «егер де халықтың және өзінің тыныштығын сақтағысы келсе, бізді тыңдасын», - деп Әбілқайыр ханға баласын жібереді. Ханның әлсіздігін байқаған М. Тевкелевтың өзі де, орталыққа жазған хаттарының бірінде қазақтар ханнан қорықпайды, - деп атап өтеді [9, 50-б]. Мұны ханның өзі де мойындап, орыс патшайымына жазған хатында халықтың оның заңдарына құлақ аспайтындығын өкінішпен баяндаған. Міне осылайша ханнан қолдау таппаған М.Тевкелев өз өлімін сәт сайын күтумен болады. Сол кезде елшімен бірге еріп келген башқұрт билері оған ел ішінде беделді Бөкенбай батырға жолығуға кеңес беріп, өлімнен сол құтқарып қалуы мүмкін екендігін жеткізеді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін құжатқа кезек берсек «…Ордаға атақты Бөкенбай батыр, оның күйеу баласы Есет батыр немере інісі Құдаймырза бар. Олар барлық ру басшыларынан күшті,

…осылардан Тевкелевке пайда болады[9, с. 51]. Ал осыған қатысты А. Левшин былай деп жазады: «Орта және Кіші Жүзде беделді Бөкенбай батыр оның (Тевкелевтың – авт.) қорғаушысы болуға ниет білдірді. Бұған қоса Әбілқайыр ханның өзі халықтың сенімінен айрыла бастауына байланысты Тевкелевке оның өміріне кепілдік бере алмайтындығын айтып, Бөкенбай батырмен табысуын мақұл көреді. Шынында да Бөкенбай батыр елшінің басты тірегіне айналып, оның және серіктерінің елдеріне аман-есен оралуларына жәрдем тигізеді.

Бөкенбай батыр, оның күйеу баласы Есет батыр, немере інісі Құдайназар мырза т.б.

М.Тевкелевтің мойнына алған шаруасын абыроймен орындап шығуына бірден-бір кепілдік берген адамдар. Бодандық үрдісінің осы тұсында Әбілқайырдан да көрі Жетіру басшыларымен тығыз қарым-қатынаста болған башқұрт батыры Таймас Шайімовтың еңбегі басымырақ. Бөгенбай орыс елшісінің сыйлығынан бас тартады. Ол елшінің ұсынған 500 сомның тауарын алмай, өзінің дүние үшін сатылмайтынын, ойына алған қызметті тегін- ақ жасайтынынын мәлімдей отырып, қазақ батырларының рухани-моральдік бетбейнесінің жоғарылығын тағы да дәлелдеп береді.

Дегенмен Бөгенбай батыр қолдаған күннің өзінде де ел жиыны Әбілқайыр мен елшіге қысым көрсетуін тоқтатпағанын да атап өтуіміз қажет. Ел басылары «хан өз бетімен, ешкіммен келіспей бодандық туралы өтініш білдірді. Қазақты Ресейге тұтқындыққа сатты. Дәстүр бойынша ру басыларымен ақылдаспай хан қимыл жасамауы керек. Ендеше осы тәртіпті бұзған үшін хан өлім жазасына лайық» деп қорытындыға келді [10]. Ханға қарсы көтерілген адамдар арасынан Баба би, Жантума би, Баймұрат би, Сырлыбай батырларды кездестіреміз. Батыр сұлтан мен Тәңірберді бидің көп жігітпен Хиуаға бара жатқан Ресейдің ірі керуенін тонап алуы да ел наразылығының бір көрінісі деуге болады.

Осылайша, сыртқы жауларға қарсы соғыс барысында тоғысқан батырлар қазақ елінің Ресейдің бодандығына мойынсыну үрдісіне келгенде екіге жарылды. Жалпы, қазақ халқы тумысында, болмысында бодандыққа жаны қарсы еді. Бұл туралы А. Левшин өзінің «Қазақ ордасы мен даласын зерттеу» атты еңбегінде айтып кетеді. Зерттеуші қазақтардың бүкіл болмысы мен тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрін зерттеп, зерделеп келіп, жалпы қазақ халқының мінез-құлқы еркіндікке негізделген, бодандыққа, мойынұсынушылыққа жат деген қорытынды шығарады. Мұны оның еңбегінегі «Қазақ халқының әдет- ғұрпы» тарауындағы мына дәйек сөзінен аңғаруға болады: «...потому что они не изнежены, не слабы и не знают не только рабства, но и подданства» [9, с. 89].

Бодандыққа қарсы топтың батырлары да қазақ елін бодандыққа енгізу бойынша келген орыс елшілерін қуғыншылыққа ұшыратты. Оның бірі Бақтыбай батыр еді. М. Тевкелевтің Ресей Сыртқы істер министрлігіне жазған құпия хатында полковник Гарбердің басшылығымен Ресейден Бұхара мен Хиуаға бет алған 500 түйелі керуенін Бақтыбай батыр басып алып, дүние-мүлкін жергілікті елге таратып бергені баяндалады. Батырдың әуелгі ойы кеуенді талқандап, адамдарын тұтқынға түсірмек болып 12 күн бойы қоршауға алады. Алайда бұл іске Батыр сұлтан мен Тәңірберді ақсақал араласып, керуендегі 500 түйенің жартысын қайтарып береді.

Бақтыбай батырды халық «әлім Қарасақал әулие» деп те атайды. Батыр нағыз ерлерше майданда қаза тапты. Бақтыбай батыр туралы орыс деректері де куәлік береді [9, С. 280.]

Әбілқайыр ханның қасында болған прапорщик Муравиннің журналында Шекті Бақтыбай туралы мәліметтер кездеседі. Ондағы дәйексөз былай берілген: «Уведомился я, что киргизцы Меньшей орды Чеклинского роду, у которых главным был Бюлюкчюра Чеклинского роду, Бактыбай батыр, собрались иттить под нижних калмык, о которых оне уведомились, якобы без остатку взяты в Астрахань против шаха персидского, и намерены были жен и детей их к себе в плен взять» [9, С. 369].

Ал, кете тайпасының ту ұстар батырларының бірінен саналатын, 10 мыңға дейін жеткен қолына қолбасшылық жасаған Арал батыр да Қазақстанның Ресейдің қоластына өтуіне қарсы болған адам. Арал батыр туралы орыстың тарихи құжаттарында да кездеседі. Оның бірі 1747 жылы 21 желтоқсанда Орынбор губернаторы И. Неплюевтің Сыртқы істер алқасына жіберген хаты. Баймұрат батыр да Әбілқайыр ханның Ресейдің қарамағына өту саясатына тікелей қарсылық көрсеткен тұлғаларға жатады. 1731 жылы қазан айында жасағымен Әбілқайыр ханның ордасы мен Ресейдің елшілігін қоршап алады [10]. Бұл қоршаудың Әбілқайыр ханға қатты тигені соншалық ол Баймұраттың тұтқындағы екі адамын босатып жіберуге мәжбүр болған. өзінің екі

адамын босатып алған соң, Баймұрат бастаған наразы топ аттарының басын кері бұрған. Ресей империясының бодандығына өтуге наразы топ 3 қараша күні тағы бір шабуыл ұйымдастырады. Таң атқанша қиян-кескі ұрыс болады. Дегенмен Баймұрат тобы Тевкелевтің 17 аты мен 3 түйесін айдап әкетті» [9, с. 369]. Осылайша, батырлардың саяси ұстанымдарына байланысты мәселе өте шиеленісіп кетті. Ел басына түскен, мұндай шешімі қиын қоғамдық мәселелердің ел жиынында шешілетіні Тевкелевке жолығуға келген кіші арғын руынан қара балуан Бөгенбайдың айтқанынан да білінеді. Ол «мамыр айында Орта жүздің бүкіл ел басшылары: хандар мен сұлтандар, қазақтың түгел ру басылары жиналған кеңес болады. Егер бодандық мәселесін түбегейлі шешемін десе елші соған қатыссын» [9, с. 156.].

Тевкелев саяси биліктің тізгіні хандарда емес, би-батырларда екенін ұғынған соң Орта Жүздің ру басылары Шақшақ Жәнібек пен Қаздауысты Қазыбекке сый-сияпат жіберіп көңілін аулауға тырысты. Балуан Бөгенбайдың ел тағдырын терең ойлайтын кемеңгер азамат екенін 1748 ж. Орынбор кездесуінен байқаймыз. Көшпелі елдің тағдыры не болмақ, замана тынысы қалай, елдің болашағы үшін қандай саясат ұстану керек – осының бәрі батырдың Ресей басшыларына қойған кей сауалдарынан көрініп тұрады. Қазақ саясаткерлерінің көпшілігі қайткен күнде де қалыпты өмір соқпағын бұзбауға тырысса, Бөгенбай сияқты батырлар өзгерістердің болмай қоймайтынын аңдаған.

Би-батырлардың ішкі саяси қызметінің белсенділігін 1734 жылғы Ұлы жүз атынан жүргізілген бодандық келіссөз құжаттарынан да көреміз. Ұлыс атынан Төле, Бөлек, Сатай, Қодар билер, Қангелді сияқты батырлар аты жүр. 1740 жылы Ор кездесуінен Орта жүздің тағдырына толық қатысы бар нияз батырдың рөлі аса маңызды болды. Деректер бойынша ол Сәмеке хан тұсында Түркістан алқабын меңгерген, Князь Урусовқа қазақ хандарының шежіресін баяндап берген білімпаз батыр әр халықтың ерекше табиғатын айыра біледі, ол бір сөзінде «орыстың ақылы басы мен жүрегінің түбінде, қазақтікі көзінде» дейді [9, с. 156.].

Көшпелілер дүниенің әр құбылысының сырткы түріне, әшекей, қызығышығына көп көңіл бөлетінін батыр дәл айтқан. Сонымен жоғарыда баяндалған екі тарихи мәліметтерді қортындыласақ. Бұл мәліметтердің барлығы қазақ жеріне келген елшілерді батырлардың қорғау қызметімен байланысып жатыр. Алғашқы батыр елшіні қорғап қалу үшін ханға қарсылық білдірсе, соңғысы ханның қолынан келмеген істі жүзеге асырады. Әрине біз бұл арада хандардың дәрежесін төмендетіп, олардың қазақ мемлекеттілігін құру мен одан ары дамытудағы ерен еңбектерін жоққа шығарудан аулақпыз. Біз тек қарастырылып отырған тақырыпқа сәйкес батырлардың қызметін көрсетуге тырыстық. Баяндалған екі оқиғаның XVIII ғасырдың алғашқы жартысында орын алғандығын ескерер болсақ, осы кезеңде-ақ батырлар институтының ішкі саяси жүйеде айтарлықтай дәрежеге ие болғандығын аңғарамыз. Демек, осы уақытта батырлар жай ғана қару асынған жауынгер немесе қолбасшы ғана емес, мемлекеттік мәселелерде сөзі бар, өзі шешім қабылдай алатын әлеуметтік құрылым ретінде пісіліп жетілген. Бұл дала демократиясының өзіндік құндылығы болатын. Ер қанаты - ат

Қазақ батырларының келесі бір ерекше тоқталатын тұсы олардың киім үлгісі. Батыр бейбіт күндері де қаруын асынып жүрген. Халық аузында «Ер қаруы – бес қару» деген ұғым қалыптасқан, әдетте оларға садақты, қылышты, найзаны, айбалтаны, шоқпарды жатқызады. Алайда, халық ауыз әдебиетінде жырланатын батырдың қаруы бұдан әлдеқайда көп: алтын балдақ, ақ семсер, бадана көз кіреуке, тоғыз қабат ақ сауыт, алтын сауыт кебе, қозыжауырын жебе, балдағы алтын ақ берен, болаттан соққан айбалта, гүрзі, қанжар, мылтық және тағы басқа көптеген түрлерінің аталатындығын айта кетуіміз керек. Қазақ халқының қару түрлері тарихи даму кезеңдерінде өзіндік даму, жетілу үрдісін бастан кешкен. Оған қазақ халқының іргелес жатқан көрші мемлекеттермен байланыс жасағандығы да өзіндік ықпалын тигізгендігі, соңғы жылдары жарық көрген энциклопедиялар бетінде былай сипатталады: «... Сонымен бірге қазақ

